

А. А. Мнишева, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Д. С. Темірова, қылмыстық құқық және криминология
кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, доцент
(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСКЕ ТАРТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Біздің нақты қозғап отырған мәселемізге тоқталатын болсақ, ол осы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі Нормативтік қаулысының арасындағы қарама-қайшылық болып табылады. Қазақстан Республикасын Жоғарғы сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі Нормативтік қаулысының 24-тармағында былай делінген: кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту деп қылмысқа тартушы адамның кәмелетке толмағанның қылмысқа қатысуға ынтасын (ниетін, ұмтылысын) және дайындығын қалыптастыру жөніндегі мақсатты әрекеттерін тану қажет. Мұндайда ересек адамның әрекеттері белсенді болуы тиіс және психикалық немесе денесіне зиян келтірумен (ұру, көндіру, қауіп төндіру және қорқыту, ақша беру, алдау, кек алу, қызғану және өзге де ұждансыз сезімін қоздыру, жауапсыздыққа сендіріп, қылмысты жасаудың орны мен тәсілін немесе оның іздерін жасыру туралы кеңес беру, жасаған әрекеттер үшін ақы төлеуге немесе ұрланған заттарды сатуға көмектесуге уәде беру және т. б.) ұштасуы мүмкін. Тергеу органдары және соттар кәмелетке толмағанды қылмыстық немесе өзге қоғамға қарсы әрекеттерге тарту мақсатында ересектердің қандай нақты әрекеттер жасағанын көрсетуге міндетті. Ересек адамның кәмелетке толмағанға психикалық немесе денесіне зиян келтірмей, қылмыс жасау туралы өздігінен жәй ұсыныс айтуы кәмелетке толмағанды қылмыстық әрекетке тарту болып табылмайды.

Осы қаулының 26-тармағында былай делінген: Қылмыстық кодекстің 131-бабының 3-тармағында көзделген кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттерге тарту кезінде күш қолдану деп кәмелетке толмағанның денесін ауыртумен, денсаулығына жеңіл және орташа дәрежедегі зиян келтірумен байланысты ұрып-соғуды, өзге де күш қолдану әрекеттерін түсінген жөн.

Демек, заң шығарушының түсінігінде, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік қаулысында ұрып-соғу, яғни денесіне зиян келтірілсе немесе қорқытса, кінәлі 131-баптың 1-бөлігімен жауапқа тартылуы керек.

Енді Қылмыстық кодекстің 131-бабының 3-бөлігіне назар аударатын болсақ сол әрекеттердің күш қолданып немесе оны қолданамын деп қорқытып жасалған әрекеттер үшін көзделген жауапкершілігі қарастырылған. Осы жерде заңда қарама-қайшылық байқалады. Күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқытып, ұрып-соғып денесіне зиян келтіріп ересек адам кәмелетке толмағанды қылмыстық іске тартса, онда кінәліні Қылмыстық кодекстің 131-бабының 1, 3-тармақтарымен де жауапқа тартуымыз мүмкін. Бұл қылмыстық жауапкершілікке тарту, жаза тағайындау барысында қарама-қайшылыққа, түсініспеушілікке және заң бұзушылыққа әкеп соқтырады. Сондықтан біздің ұсынысымыз бойынша осы 131-баптың 3-тармағына өзгеріс енгізу қажет.

Қылмыстық кодекстің 131-бабының 3-тармағын келесі редакцияда: «күш қолданып немесе күш қолданамын деп қорқытып» деген сөздердің орнына, «осы баптың бірінші немесе екінші тармақтарында көзделген әрекеттер денсаулыққа қасақана жеңіл немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіріп жасалған әрекеттер деп» алмастыру керек. Бұл өзгерістер қылмысты саралауда үлкен септігін тигізеді.